

"2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 167 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 301 қаулысы

Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2024-2025 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 167 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Жамбыл облысының әкімі

Е. Қарашөкеев

Жамбыл облысы әкімдігінің

2024 жылғы " 17 " желтоқсандағы

№ 301 қаулысына 1-қосымша

2024-2025 оқу жылына жоғары білімі бар (бакалавриат) кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

					Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын
--	--	--	--	--	--

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)	шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу (толық оқу)	
					ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	6 В 1 0 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету	6 В 1 0 1 Денсаулық сақтау	В086 Жалпы медицина	7	1230700	1218300
2	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6 В 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	В010 Физика мұғалімдерін даярлау	5	1139200	1008100
		6 В 0 0 9 Математика мұғалімдерін даярлау	6 В 0 0 9 Математика мұғалімдерін даярлау	5	1139200	1008100
3	6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 В 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	В057 Ақпараттық технологиялар	5	1111400	1009600
4	6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6В08 Су ресурстары және суды пайдалану	6В082 Су ресурстары және суды пайдалану	5	933600	831800
		6 В 0 8 1 Агрономия	В077 Өсімдік шаруашылығы	3	933600	831800
Барлығы				30		

Жол жүруге өтемақы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне, магистранттарына жылына екі рет қысқы және жазғы каникул кезеңінде 4 еселенген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде төленеді.

2024-2025 оқу жылына жоғары орнынан кейінгі (резидентура) білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламасы тобының коды және атауы	2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)	Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) күндізгі оқу (толық оқу)	
					ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	7R011 Денсаулық сақтау	7R011 Денсаулық сақтау	R 0 3 2 Акушерия және гинекология, оның ішінде балалар гинекологиясы	6	1939900	1398900
2			R 0 0 3 Аллергология және иммунология (ересектердің, балалардың)	1	1939900	1398900
3			R 0 1 7 Анестезиология және реаниматология, оның ішінде балалар анестезиологиясы және реаниматологиясы	2	1939900	1398900
4			R 0 1 9 Ангиохирургия (ересектердің, балалардың)	0	1939900	1398900

5			R 0 0 4 Гастроэнтерология (ересектердің, балалардың)	1	1939900	1398900
6			R 0 1 2 Дерматовенерология (ересектердің, балалардың)	2	1939900	1398900
7			R 0 1 1 Инфекциялық аурулар (ересектердің, балалардың)	3	1939900	1398900
8			R 0 0 1 Кардиология (ересектердің, балалардың)	4	1939900	1398900
9			R 0 3 7 Неврология (ересектердің, балалардың)	3	1939900	1398900
10			R 0 3 1 Неонатология	0	1939900	1398900
11			R 0 0 9 Нефрология (ересектердің, балалардың)	3	1939900	1398900
12			R036 Жалпы хирургия	3	1939900	1398900
13			R 0 2 8 Оториноларингология (ересектердің, балалардың)	5	1939900	1398900
14			R 0 2 7 Офтальмология (ересектердің, балалардың)	6	1939900	1398900
15			R 0 3 0 Педиатрия	1	1939900	1398900
16			R 0 1 3 Психиатрия (ересектердің, балалардың)	1	1939900	1398900
17			R 0 1 4 Радиология	7	1939900	1398900

18			R 0 4 0 Физикалық медицина ж ә н е реабилитация (ересектердің, балалардың)	9	1939900	1398900
19			R021 Жақ-бет хирургиясы (ересектердің, балалардың)	2	1939900	1398900
	Барлығы			59		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК